



Сайрам ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 363 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 қыркүйекте № 5785 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 103 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 25.03.2021 № 103 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес Сайрам ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.
3. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Сайрам ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 200 "Сайрам ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5028 тіркелген, 2019 жылғы 31 мамырда " Мәртөбе" газетінде және 2019 жылғы 16 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Оразалиевке жүктелсін.

7. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

У.Садибеков

Сайрам ауданы әкімдігінің
2020 жылғы "7" қыркүйектегі
№ 363 қаулысына 1-қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйым атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Ж ұ м ы с орындарының саны
1.	"Манкент агро" тұтыну кооперативі	33	2%	1
2.	"ЮКМЗ" акционерлік қоғамы	97	2%	2
3.	Жеке кәсіпкер "Мусаев"	10	8%	1
4.	"Манкент" тұтыну кооперативі	6	9%	1
5.	"Манкент-1" өндірістік кооперативі	52	2%	1
6.	"О.Құрбанов және К атындағы" өндірістік кооперативі	72	2%	1

7.	"ТЕМИРТАС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	42	2%	1
8.	"Сайрам тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	93	2%	2
9.	"Компания Натур Продукт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	45	2%	1
10.	"Гулжамила" шаруа қожалығы	20	4%	1
11.	"Атакент" өндірістік кооперативі	8	8%	1
	Барлығы			13

Сайрам ауданы әкімдігінің
2020 жылғы "7" қыркүйектегі
№ 363 қаулысына 2-қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квотасы

№	Ұйым атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1.	"Манкент агро" тұтыну кооперативі	33	2%	1
2.	"ЮКМЗ" акционерлік қоғамы	97	2%	2
3.	Жеке кәсіпкер "Мусаев"	10	8%	1
4.	"Манкент" тұтыну кооперативі	6	9%	1
5.	"Манкент-1" өндірістік кооперативі	52	2%	1
6.	"О.Құрбанов және К атындағы" өндірістік кооперативі	72	2%	1
7.	"ТЕМИРТАС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	42	2%	1
8.	"Сайрам тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	93	2%	2
9.	"Компания Натур Продукт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	45	2%	1

10	"Гулжамила" шаруа қожалығы	20	4%	1
11	"Атакент" өндірістік кооперативі	8	8%	1
	Барлығы			13

Сайрам ауданы әкімдігінің
2020 жылғы "7" қыркүйектегі
№ 363 қаулысына 3-қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйым атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1.	"Манкент агро" тұтыну кооперативі	33	2%	1
2.	"ЮКМЗ" акционерлік қоғамы	97	2%	2
3.	Жеке кәсіпкер "Мусаев"	10	8%	1
4.	"Манкент" тұтыну кооперативі	6	9%	1
5.	"Манкент-1" өндірістік кооперативі	52	2%	1
6.	"О.Құрбанов және К атындағы" өндірістік кооперативі	72	2%	1
7.	"ТЕМИРТАС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	42	2%	1
8.	"Сайрам тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	93	2%	2
9.	"Компания Натур Продукт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	45	2%	1
10	"Гулжамила" шаруа қожалығы	20	4%	1
11	"Атакент" өндірістік кооперативі	8	8%	1

